

Өз ісінің нағыз
мамандары
2-бет



Танымдық
шара
4-бет



Аудандық бюджет
6-7-беттерде

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 45 (7929)
Жұма,
4 қараша 2016 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

■ Ресми бөлім

НАҚТЫ ТАПСЫРМАЛАР БЕРІЛДІ

Ағымдағы жылдың 26 қазанында аудан әкімі Ахметқали Нұрғожиннің төрағалық етуімен аудандық әкімдіктің кезекті отырысы өтті.

Күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралды:

-мемлекеттік меншікке пайдаланылмайтын жер телімдерін қайтару туралы (баяндамашы Б.Ж. Қанапин – жер қатынастары бөлімінің басшысы);

-ауданның 2016 жылдың 9 айындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ж. Большманова ақпарат берді;

-2016-2017 жылдардың күз-қыс маусымына ауданның автомобиль жолдарының даярлығы туралы ТКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы С. Гаврилов ақпарат берді;

-сүтті мал шаруашылығын дамыту, ауылшаруашылық кооперативтерін құру бойынша облыс әкімі тапсырмасының орындалу барысы туралы ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Р. Байгереев ақпарат берді.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша баяндама жасаған Б. Қанапин ауылшаруашылық өндірісі өнімін арттыру үшін ауылшаруашылық бағытындағы жер телімдерін тиімді пайдалану өте маңызды деп атап өтті. 2016 жылдың 1 қазанындағы мәлімет бойынша ауданда 1688 ауылшаруашылық тауарөндірушілері жұмыс істейді, олардың пайдалануына 300870 га ауылшаруашылық жерлері берілген. Оның ішінде 63348 га жыртылмалы, 39161 га шабындық, 197956 га жайылымдық жерлер бар.

Егістіктерді зерттеу барысында және статистикалық мәліметтерге сәйкес 13030 га пайдаланылмайтын жер телімдері анықталған. Оның ішінде 12890 га – жыртылмалы, 37 га – шабындық, 103 га – жайылымдық жерлер.

Новохайрузовка ауылдық округінде – 1034 га, Үлкен Нарын а.о. – 243 га, Солонька а.о. – 47 га, Аққайнар а.о. – 332 га, Алтынбел а.о. – 99 га, Новополяковка а.о. – 1231 га, Катонқарағай а.о. – 360 га, Ақсу а.о. –

2732 га, Коробиха а.о. – 1168 га жыртылмалы жерлер пайдаланылмауда.

Анықталған заңбұзушылықтар негізінде жер қатынастары бөлімі жер пайдаланушыларға 213 хабарламалар, оның ішінде 106 хабарлама жер телімін мемлекет меншігіне қайтару туралы жіберілді. Жеті ауылдық округтен жалпы аумағы 1144 га болатын 27 жер телімі қайтарылды. Прокуратураның ұсынысы бойынша 1501 гектарды құрайтын 20 жер телімі қайтарылды.

Онан соң баяндамашы жерлерді мақсатты және тиімді пайдалану бойынша заңбұзушылықтар, статистикалық мәліметтердің нақтылығы жайлы айтып өтті. Ол шаруашылық ішкі жерге орналастыру жобаларын әзірлеуге ерекше тоқталды. 1688 жер пайдаланушылардың алтауының ғана жобалары бар. 18 шаруашылықтың жобалары әзірлену үстінде. Жыл соңына дейін жоспарға сәйкес тағы да 38 жоба әзірленуі тиіс. Жоғарыда аталған құжаттардың болмауы – жерлер тиімсіз пайдаланылады деп есептеледі, - деді Б. Қанапин.

Жерлерді тиімсіз пайдаланудың негізгі себебі – көптеген ауылшаруашылық тауарөндірушілерде қаржының және қажетті техниканың болмауы деді ол.

Аталмыш мәселені талқылаған аудан әкімі Ахметқали Ахашұлы Нұрғожин Новоохайрузовка, Новополяковка, Коробиха ауылдық округтері әкімдерінің айтарлықтай алқаптағы жер телімдерінің тиімсіз пайдалану себептерін және алдағы жылда мұндай деректердің алдын-алу бойынша қабылданатын шаралар туралы мәліметтерін тыңдады.

Аудан әкімі жер қатынастары бөліміне ауылдық округтер әкімдерінің қатысуымен комиссия құрып, барлық ауылшаруашылық жерлерін тексеруді және тиімсіз пайдаланылатын жерлерді қайтарып алу жөнінде тапсырма берді.

Аудан аумағындағы жерлердің көпшілігінің балл бонитеті жоғары (70%). Мысалы, Солдатовада 85 гектарда биылғы жылы әр гектардан өнімділік 69 центнерді құраған. Құнарлы жерлер – біздің байлығымыз және мұндай жерлерді мақсатсыз, тиімсіз

пайдалануға жол бере алмаймыз деді ол. Онан соң, А. Нұрғожин жер қатынастары, ауылшаруашылығы бөлімдеріне, ауылдық округтер әкімдеріне шаруашылық ішкілік жобаларды әзірлеу бойынша нақты тапсырмалар берді.

Әкімдік отырысында ақпарат берген Ж. Большманова 2016 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша ауылшаруашылығының жалпы өнімі 12 млрд. 832,9 млн. теңгені немесе 2015 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 101,3% құрағандығын айтып өтті (табиғи көлем индексі 98,2%). Мал шаруашылығының жалпы өнімі өткен жылмен салыстырғанда 103,2%, егін шаруашылығы – 97,4% құрады, ірі-қара мал басы 2%, оның ішінде сауын сиырлар саны 11,9% артты. Ауылшаруашылық жануарларының басқа түрлері бойынша мал басы кеміген. Ж. Большманова бөлшексауда тауар айналымы, инвестициялық іс-қызмет, шағын бизнес сияқты салаларда көрсеткіштер артқанын атап өтті. Өткен жылмен салыстырғанда өнеркәсіп тауарларын өндіру, құрылыс (тұрғын үйді пайдалануға беру) саласында көрсеткіштер төмендеген. 2015 жылмен салыстырғанда туберкулез ауруына шалдыққандар саны екі адамға артқан. Тіркелген қылмыстар саны 21,8% артқан. Қылмыстарды ашу 85,9% құраған, оның ішінде ашылған аса ауыр қылмыс түрлері 84,6% құрайды.

Қылмыстар саны Катонқарағай а.о. (+4), Алтынбел а.о. (+10), Новоохайрузовка а.о. (+9), Жамбыл а.о. (+8) артқан.

Баяндамашы 2016 жылдың соңына дейінгі атқарушы билік жұмысының жекелеген бағыттары бойынша ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша ұсыныстар жасап, сегіз мақсатты индикаторлардың орындалуына сараптама жасады.

Аудан әкімі ауылшаруашылық жануарлар санының кемуіне жол бермеу қажеттігін айтты. Бұл деректердің аудандық ауылшаруашылығы бөлімі, жергілікті жерлерде ауылдық округтер әкімдері тарапынан қолайлы табиғи-климаттық жағдайларды тиімді пайдалануды, көптеген қорлар мен мемлекеттік бағдарламалар

арқылы ауылдықтар үшін қалта көтерерлік жағдайда қаржылық қолдаулардың көрсетілмейтіндігінің куәсі деді аудан басшысы. Сондай-ақ, ол өнеркәсіп тауарларын өндіруді арттыру, ауданға қосымша инвестицияларды тарту және т.б. бойынша бірқатар тапсырмалар берді.

Күз-қыс маусымына жол қызметтерінің даярлығы туралы ақпаратты талқылаған өңір басшысы республикалық маңыздағы жолдарға күтім жасайтын ЖПУ-2 және облыстық маңыздағы жолдарға күтім жасайтын ӨЖУ-7 басшылары Асхат Назыров пен Жәнібек Елеусізовтың қолда бар техникалардың, өндірістік базалардың даярлығы, жолға себетін материалдар мен кадрлық жабдықталуы туралы есептерін тыңдады. Аудан басшысы аудан аумағындағы барлық жолдардың үздіксіз жұмыс істеуі, оларды қардан дер кезінде әрі сапалы тазалауды қамтамасыз ету бойынша бірқатар тапсырмалар берді. Сондай-ақ, аудан әкімі ТКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне көктемге дейін жол инфрақұрылымы нысандарына қажетті жөндеу – қалпына келтіру жұмыстарын жоспарлауды, олардың күтіміне үнемі бақылау жасауды тапсырды.

Ауылшаруашылығы бөлімі басшысы Р. Байгереевке аудан әкімі сүт өндірісін дамыту, ауылшаруашылық кооперативтерін құру бойынша берген облыс әкімінің тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында қабылданған барлық жоспарларды толық көлемде орындауды тапсырды. Аудандық әкімдік отырысы жұмысының соңында аудан әкімі А. Нұрғожин жауапты лауазымды тұлғаларға ауызсуды пайдалану бойынша жинақталған берешекті өтеу бойынша кешенді шараларды жүзеге асыруды, сондай-ақ, 2017 жылға мерзімдік басылымдарға жазылуды ұйымшылдықпен өткізуді тапсырды.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша айтылған толықтырулар мен ұсыныстарды ескере отырып, аудандық әкімдіктің тиісті қаулылары қабылданды.

Жомарт Жақыпов.



ОБЛЫС САХНАСЫНДА

«Туған ел – алтын бесігім» акциясы аясында 28 қазанда Өскемендегі металлургтердің Мәдениет сарайында біздің ауданымыздың көркемөнерпаздар ұжымының есептік концерті болып өтті.

Өткен мәдени шара жайлы біз мәдениет және тұрғындар демалысы Орталығы директорының орынбасары Бақтыгүл Қожағұмаровадан айтып беруін өтінген

Аудандық «Арай» - «Луч» газетіне 2017 жылға жазылу жүргізілуде!

Жазылымды барлық пошта байланысы бөлімшелерінде ресімдеуге болады. Газеттің индексі: «Арай» - «Луч» - жеке тұлғалар үшін - 19069; мекемелер мен ұйымдар үшін - 19070;

Назар аударыңыз, жаңалық: енді аудандық «Арай» - «Луч» газетін Өскемен қаласының және облыстың басқа да қалалары мен аудандарының тұрғындары жаздыра алады.

ШҚО бойынша қалалар мен аудандар үшін, оның ішінде Катонқарағай ауданы бойынша бір жылға жазылу бағасы жеке тұлғалар үшін - 3324 теңге, 6 айға - 1662 теңге.

Заңды тұлғалар үшін бір жылға жазылу бағасы - 3936 теңге; 6 айға - 1968 теңге.

едік.

-Бұл біздің ауданымыздың көркемөнерпаздар ұжымының жыл сайынғы шығармашылық есебі. Биылғы жылы ол «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» тақырыбымен өтті.

Шақыру билеттері бойынша металлургтердің Мәдениет сарайына облыс орталығына қоныс аударған біздің жерлестеріміз, ұйымдардың бұрынғы басшылары, студенттер жиналды.

Концерттік бағдарламаны құрамына басшылар мен облыстық филармония, мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының қызметкерлері, музыканттар енген әділқазылар алқасы бағалады. Концерттік бағдарламадағы үздік нөмірлер Өскемен қаласында өтетін ҚР Тәуелсіздігі күніне орай ұйымдастырылатын мереке бағдарламасына енгізілетін болады.

Көрермендерді немен қуанттық? Концерттік бағдарламаны «Тойбастар» және «Әуен» күйлерін орындаған қазақтың халық аспаптары оркестрі ашты.

Музыка мектебінің оқытушысы Әйгерім Дәулетхан «Елге сәлем» өнін орындады. Өнші Ақсенбі Тойлыбай «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» қойылымында басты рольде ойнап, қазақ халқының тәуелсіздік пен бостандыққа деген ұмтылысын көрсете білді.

Онан соң, Шығармашылық үйі би тобы «Ертөстік» атты батырлар биін биледі. Большенарым ауылдық лицейінің мұғалімі Қанила Оразбек орындаған «Тәуелсіздік» өнінің әуенімен ҚР Мемлекеттік Туы сахнаға шығарылып, қыздар шашу шашты. Бұл қойылым Раджан Ерболов пен



Әйгерім Дәулетхан орындаған «Мекенім – Қазақстан» өнімен аяқталды.

Көрермендер коробихалық «Сударушқа» және аудан орталығынан «Нарын сазы» фольклорлық топтарының өнерін қызыға тамашалады. Раджан Ерболов «А зори здесь тихие» өнін орындап, көрермендер қошеметіне ие болды. Халық әні «Керім-айдай» және басқа да жеке орындаушылардың өндерін көрермендер сүйіспеншілікпен тыңдады.

Қайрат Нұрғазиев дирижерлік еткен құрамында 80 адам бар хор да сахнаның сәнін келтірді. Концерт соңында аудан әкімі Ахметқали Ахашұлы Нұрғожин

көрермендерді таяуда атап өтілетін ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығымен құттықтады.

Біздің алдымызға қойған мақсатымыз - жас ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі жанрлардағы нөмірлерді көрсету болды. Меніңше, біздің әртістер өздеріне жүктелген міндетті абыроймен атқарды деп ойлаймын. Сондай-ақ, мұндай концерттер көркемөнерпаздар ұжымдарына және өншілерге өздерін облыстық сахнада көрсетуге мүмкіндік беретіндігін атап өткім келеді деді Б. Қожағұмарова.

Жазып алған Татьяна Самойлова.
Сурет Евгений Брайконікі.

ӨЗ ІСІНІҢ НАҒЫЗ МАМАНДАРЫ



8 қарашада ауданның статистика қызметі өзінің кәсіби мерекесін атап өтеді. Мереке Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығы қарсаңында атап өтілмек.



Аудандық статистика басқармасының ұжымы өз мерекесін қандай жетістіктермен қарсы алып отырғандығы жайлы біздің тілшіміз Александр Мартынов басқарма бастығы Ерік Қалиасқарұлы Мамыровпен әңгімелескен еді.

-Ерік Қалиасқарұлы, оқырмандарды ауданның

статистика қызметінің тарихымен таныстырып өтсеңіз.

-1937 жылы Большеарым халықшаруашылығы санағының инспекциясы құрылды. 1941 жылға дейін бұл мекеме аудандық статистика қызметінің міндетін атқарды. 1941 жылдан 1997 жылдар аралығында Большеарым аудандық инспекциясы көптеген құрылымдық өзгерістерді бастан өткерді.

1997 жылы Большеарым ауданы мен Катонқарағай ауданы біріктірілді. Осыған байланысты Большеарым аудандық статистика бөлімі Катонқарағай аудандық статистика бөлімі деп атауын өзгертті. 2009 жылдан бастап аудандық статистика бөлімі Катонқарағай аудандық статистика басқармасы деп аталатын болды.

-Статистика қызметінің ардагерлері оның дамуы мен қалыптасуына қандай үлес қосты?

-Ауданның статистикалық қызметіне оның бұрынғы басшылары Горст Рудольфович Мут, Нина Константиновна Щербинина айтарлықтай үлес қосқан басшылар. Олар басқарған ұжым неше мәрте облыс аудандары арасында бірінші орынды иеленген. 1999 жылы жүргізілген Қазақстанның алғашқы Ұлттық санағын ауданда пилоттық жобамен Серік Болатханұлы Қанапин басқарған ұжым жүргізді.

Ауданның статистика қызметін басқарған Еркінбек Орымханұлы Орымхановтың жемісті еңбегін де атап өту қажет.

2003 жылдан бастап 2013 жылға дейін статистика басқармасын Фания Сәйпішқызы Көрменова басқарды. 2006-2007 жылдарда ауданда Бірінші Ұлттық ауылшаруашылығы санағы да сәтті жүргізілді. Оның қорытындысы бойынша Ф.С. Көрменова «Бірінші Ұлттық ауылшаруашылығы санағы» медалімен марапатталды. Ол статистика органдарында 28 жылдан

астам уақыт еңбек етті. Осы салаға қосқан үлесі үшін неше мәрте «Статистика үздігі» төсбелгісімен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» медалімен марапатталған.

-Енді аудандық статистика қызметінің бүгінгі іс-қызметі жайлы айтып өтсеңіз.

-Мен бөлімді 2013 жылдан бері басқарып келемін. Статистика қызметінде ұзақ жылдар бойы бас мамандар Светлана Викторовна Тютенькова және Татьяна Владимировна Короткова еңбек етіп келеді. Олар – өз ісінің нағыз кәсіби мамандары.

2012 жылдан бері ауданның статистика қызметінде жетекші маман Айгүл Нәзілжанқызы Зияшева да жемісті еңбек етуде.

Интервьюер Әлия Әбілғазықызы Сағындықова тұрғындардың жұмыспен қамтылуын зерттейді. Осы уақыт аралығында ол өзін адал, білікті маман ретінде көрсетті, өзіне жүктелген міндетке аса зор жауапкершілікпен қарайды.

Жетекші маман Мұрат Мошанұлы Бековтың статистика басқармасында еңбек еткеніне бір жыл болды. Дәлдік пен жеделдікті талап ететін біздің қызметіміздің ардагерлері оған әрдайым қолдау көрсетіп отырады.

Статистика басқармасы статистикалық жұмыстар жоспарының орындалуын сәтті жүзеге асырады, респонденттерден алғашқы ақпараттарды жинауды дер кезінде, әрі сапалы қамтамасыз етіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы жайлы статистикалық мәліметтерді жергілікті атқарушы билікке ұсынады.

Суретте: С. Тютенькова, М. Беков және Т. Короткова.

■ Алқалы жиын

ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІНІҢ КӨШПЕЛІ ОТЫРЫСЫ

25 қазан күні аудан әкімі Ахметқали Нұрғожинның төрағалығымен ҚР ҰҚК Шекара қызметінің №2535 әскери бөлімінің «Өрел» комендатурасында Катонқарағай ауданының шекара мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесінің көзекті көшпелі отырысы өткізілді.

Отырыс жұмысына үйлестіру кеңесінің мүшелері, ауылдық округ әкімдері, құқыққорғау органдары мен дербес бөлімдердің басшылары мен мамандары қатысты.

Күн тәртібіне шекара кеңістігінде Шекара қызметі әскери қызметшілердің мәртебесін арттыру жөнінде бірлесе атқарған шаралардың қорытындысын талқылау және жергілікті тұрғындардың шекарашылардың заңды талаптарын орындау жөніндегі мәселелер шығарылды.

Шекара қызметі №2535 әскери бөлімінің штаб бастығының орынбасары майор Ерлан Ашықбаев баяндама жасап, аталған мәселелер жөнінде айтып, сонымен қатар, шетелдік азаматтар шекаралық тәртіпті орындау, мемлекеттік шекараны қорғау жұмыстарына ерікті азаматтарды тарту, шекара аймағында аң аулау сияқты мәселелерді қозғады.

жергілікті тұрғындардың құқыққа қарсы әрекеттер жасау оқиғалары көбейіп кетті. Біздің ауданымыздың аумағында да мұндай оқиғалар орын алған. Сондықтан, бұл жағдайларға байланысты және Қазақстанда террористік қауіптің сары деңгейі жарияланғандықтан ҚР Қауіпсіздік Кеңесі барлық құқыққорғау органдарына және жергілікті әкімшіліктерге әскери қызметшілердің қару қолдану құқығын арттырып, оларға және әскери нысандарға қылмыстық жасалған әрбір фактіге жедел түрде және әділ іс-әрекет жасауды тапсырды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе – жергілікті тұрғындардың және шетелдік туристер мен қонақтардың шекаралық тәртіпті сақтау бойынша баяндамашы шекаралық тәртіп, көбінде, аудан тұрғындарының және шетелдік қонақтардың шекара аумағын, мұндағы ережелерді толық білмегендіктен бұзылатындығын атап өтті.

-Осылайша, 2016 жылдың 10 айы ішінде Катонқарағай ауданындағы шекара аумағында шекаралық тәртіпті бұзғандығы үшін 25 шетелдік азамат ұсталып, олар жалпы сом-масы 153787 мың теңге көлемінде



аумаққа жатқызуға ұсыныс жасады. Яғни, ауданымызға келген әрбір шетелдік қонақта рұқсат қағазы болуы тиісті. Сонымен қатар, аудан әкімі республикалық трассамен Көкпекті және Зырян аудандары арқылы ауданға кіреберістерде шекаралық аймақ екендігін белгілейтін ақпараттық тақталар орнатуды тапсырды.

Баяндамасын жалғастырған А.Ашықбаев ҚР Мемлекеттік шекараны күзету мен қорғауға аудан тұрғындарын тартып, ерікті жасақтар құру жұмыстарын ұйымдастырудың бүгінгі күйі жайлы ақпарат берді.

-Ағымдағы жылдың басынан 25 қазан күнгі жағдайында аудан аумағында ерікті негізде Мемлекеттік шекараны қорғауға 17 азамат(шекара аймағының тұрғындары) тартылды. Алайда, ерікті жасақтардың басшылары белгіленген жоқ, - деді майор.

ҚР Қаулысына сәйкес, Мемлекеттік шекараны қорғау саласындағы міндеттерді шешуге тұрғылықты азаматтардан ерікті жасақтар құралып, басшылары тағайындалады. Құрамның әрбір мүшесі әскери бөлімшеде сотталғандығы және наркологиялық, психоневрологиялық есепте тұрмағандығы тексеріліп, ерікті жасақ мүшесінің көулігі беріледі.

Бұл мәселе бойынша аудан әкімі тиісті органдарға ағымдағы жылдың 20 қазанға дейін ерікті жасақтар басшыларын тағайындауды (мектеп директорларынан, ШҚ басшыларынан және шекара аумағындағы ауылдардың құрметті адамдарынан алу ұсынылды) және ауылдық округ әкімдеріне ерікті жасақтар мүшесіне кандидаттардың тізімін аудан әкімдігіне жолдауды тапсырды.

Шекаралас аймақта аң аулау жайлы баяндамашы, шекара қызметінде

аудан аумағында іс-әрекет жасайтын аңшылық шаруашылықтар жайлы ақпарат жоқтығын жеткізді.

- Шекара аймағындағы аң аулаудың тәртібі шекара әскерлерімен келісіледі. Өйткені, Мемлекеттік шекараға жақын жерде жүргізілген аң аулаушылық, іргелес мемлекет жаққа оқ ату (абайсыз болса да) шекаралық жанжал шығуды өршітеді. Сондай-ақ, шекара маңында от жағу өрт шығу қаупін тудырады. Сондықтан шекара аумағындағы әрбір іс-әрекет шекара қызметімен келісілген болуы қажет, - деді ол.

Үйлестіру кеңесінің отырысын қорытындылаған аудан әкімі А.Нұрғожин тиісті органдарға ҚР ҰҚК шекара қызметінің мәртебесін арттыру жөнінде және жергілікті тұрғындардың әскери қызметшілердің заңды талаптарын орындауға шаралар ұйымдастыруды тапсырды. Сонымен қатар, үйлестіру кеңесінің келесі отырысына шекаралық аймақта аң аулау ережелерін түсіндіріп, туындаған мәселелерді талқылау үшін аңшылық шаруашылықтардың басшыларын шақыртуды, Катонқарағай МҰТП және аңшылық шаруашылықтардың басшылығын Мемлекеттік шекараны күзету мен қорғау жұмыстарына еркін жасақшы ретінде тартуды тапсырды. Сондай-ақ, тұрғындар тарапынан әскери қызметшілерге қарсы құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында аудан тұрғындары арасында шекара аумағындағы ережелер жайлы түсінік жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

Жанар Қасымханова.
Сурет автордікі.



-«Өрел» шекара комендатурасы Катонқарағай ауданы аумағындағы Қытай және Ресей елдерімен шекараны қорғау қызметін атқарады.

Шекара қызметі басшылығының ақпараты бойынша соңғы уақытта Қазақстан Республикасы аумағында шекарашы-әскери қызметшілерге

айыппұлдар төледі. Туристер мен демалушылардың көбінде шекаралық аумаққа кіруге арнайы органдар тіркелген рұқсат қағазы болмайды, - деді ол.

Аталған мәселені талқылау барысында аудан әкімі А.Нұрғожин аудан аумағын түгелдей шекаралық

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛ-ДЫН АЛУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ



Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылу стратегиясы, Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты халыққа Жолдауында ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, жемқорлықпен күрес - жалпы барша халықтың борышы екенін атап көрсетті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көрністерінің азаюы байқалады.

Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмай-тындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Парақорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі таңда әлеуметтік аурудың алдын алу және әшкерелеу үрдісі жылдан жылға өсе түсуде. Парақорлықпен елімізде көбіне-көп қолында билігі бар, шешім шығаруға, бөліп бергізуге өкілеті жететін қызметкерлерінің айналысып отырғанын көрсетіп берді. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңын сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігінің шегінде өздерінің кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті деп көрсетілген. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтармен айналысуының негізгі себептері мыналар болып табылады:

1. Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық білім дәрежесінің төмен болуы;
2. Құқық бұзушылыққа немқұрайды қарайтын, қызметтік тәртібі төмен кейбір мемлекеттік органдар;
3. Кейбір мемлекеттік қызметшілердің мемлекет мүддесін емес, өзінің жеке басының жайын күйттеуі;
4. Кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы заң талаптарын орындау жөніндегі жұмысының мардымсыздығы;

Өрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарын шырмал, тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Оны емдемес бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек. Ол үшін бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажет. Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көрністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда ғана халық сенімінің үддесінен шығатынымыз сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың белгісімен іс қозғаудың бір негізі-азаматтардың арызы. Өрбір азамат өзінің конституциялық құқығын қорғауға міндетті, Қандай да болмасын «қолы да, жолы да ұзын» адамдар азаматтардың құқығын таптап, заңсыз әрекеттерге баратын болса, әділдікті орнатушы құқық қорғау органдары. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік 50 мемлекеттің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

Тарихи тереңнен бастау алған сыбайлас жемқорлық бүгінде бүкіл әлем қоғамдастығына қауіп төндіріп отыр. Біздің республикамызда да бұл мәселеге қарсы күрес шаралары тәуелсіздік алған сәттен бастап мемлекеттің бірінші кезектегі міндетіне айналды.

Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Мемлекеттік міндеттерді атқаратын, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, не мүлтік пайда алу үшін олардың өкілеттіктерін өзгеше пайдалану, жеке өзі немесе делдардан арқылы заңда көзделмеген мүлктік игіліктер мен артықшылықтарды заңсыз беру арқылы оларды сатып алу сыбайлас жемқорлық болып есептелінеді. Халық арасында жұлын құрт, індет аталып кеткен осы дертті жою толықтай жүзеге аспағанымен, оны ауыздықтаудың, тежеудің сәті кейде түсіп, кейде шарасыздықтың белең алатыны да рас.

Елбасы алға тартқан міндет жергілікті жерлердегі құзырлы органдармен қоғамдық ұйымдар жұмысының темірқазығына айналып отыр. Елімізде жемқорлықпен және ұйымдасқан қылмыстықпен күресті күшейту шараларына орай «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» арнайы заңдар қабылданды. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда.

Ендеше, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, бұл қоғамдық індетпен қоғам болып күресуге ат салысайық.

М.Сахариева,
ШҚО бойынша мемлекеттік қызмет істері
Департаментінің сыбайлас жемқорлық
профилактикасы басқармасының бас маманы.

РЕФОРМАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚАЖЕТ



Өткен жылдың мамыр айында, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев әлемнің дамыған 30 елдердің қатарына кіру мақсатында бес институционалдық реформаларды жүзеге асыру үшін 100 нақты қадамдарды белгілеген. Солардың ішіндегі соңғы 10 қадам «Есеп беруге міндетті үкіметті қалыптастыру» реформасын іске асыруға бағытталған.

Атап айтқанда, 94-ші қадамда Ашық үкіметті, ал 96-ші қадамда орталық мемлекеттік органдардың статистикалық деректер базасына Онлайн-қолжетімділікті жүзеге асыру міндеттері белгіленген.

«Ашық үкіметтің» мақсаты - ашық және халық алдында есеп беруге міндетті мемлекетті құру, азаматтардың мемлекеттік басқару саласындағы құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту, жемқорлыққа қарсы күресті күшейту мен жаңа технологияларды мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру үшін қолдану болып табылады.

2015 жылдың 16 қарашасында «Ақпаратқа қолжетімділік туралы» Заңы қабылданып, 2016 жылдың 1 қаңтарында күшіне енді. Бұл Заңда Ашық үкімет порталдарында жалпыға бірдей қолжетімді ақпаратты орналастыру үшін ережелер белгіленген.

Ашық үкімет мынадай 5 компоненттен тұрады: ашық деректер, ашық НҚА (нормативтік құқықтық актілер), ашық диалог, ашық бюджеттер және мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау. Бес порталдың ішінен төрт портал қазіргі кезде жұмыс істеуде, ал мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалау порталының іске қосуын ағымдағы жылдың соңына дейін жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Ашық деректер

Ашық деректер – мемлекеттік органдардың машина оқи алатын түрде жалпыға бірдей қолжетімді ақпараттардың орналасатын алаңы. Үлкен көлемде түрлендіріліп, өңделіп, соңынан сақталатын мемлекеттік органдардың ақпараттары көп жағдайда сол мемлекеттік органның мұражайында қалып қайта пайдаланбайды. Алайда, дұрыс пайдаланылған кезде, бұл ақпарат үлкен пайда әкелуі мүмкін. Ашық деректер порталын жүзеге асырудың себебі – дәл осы мемлекеттік органдардың ақпараттарын пайда-сыз жүк ретінде сақтатқызбай, керісінше жалпыға бірдей қолжетімді ақпаратқа айналдырып бір ресурсқа жариялау болып табылады.

Кез келген адам бұл ақпаратты қарап шығып, талдап, өңдеп, белгілі бір қорытындыларды шығарып өз жұмысында, ісінде пайдалана алады. Ал қосымша мен бағдарламаларды жасаушыларға келетін болсақ, олар да осы ақпараттың негізінде сатуға болатын өнімді шығара алады.

Өткізілген конкурс/хакатондардың аясында әк-дан астам қосымшалар әзірленді. Қазіргі таңда порталда 2040-тан астам деректер диынтығы қолжетімді.

Ашық НҚА

Ашық НҚА (нормативтік құқықтық актілер) – Ашық үкіметтің тағы бір компоненті болып табылады. Бұл портал қоғамдық бастамаларды, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын және де мемлекеттік органдардың шешімдерін сараптауға азаматтардың қатысуын қамтамасыз етеді. Осыған дейін электрондық үкімет порта-

лында міндетті түрде мемлекеттік қызметтердің стандарттары талқыланған болса, «Ақпаратқа қолжетімділік туралы» Заңының қабылдануының арқасында мемлекеттік қызметтердің стандарт-тарымен қоса барлық заң жобалары мен НҚА жо-балары да міндетті түрде ашық НҚА порталында қоғамдық талқылаудан өтуде.

Осы күнде 4000 астам нормативті құқықтық актілердің жобалары мен заң жобаларының тұжырымдамалары қоғамдық талқылаудан өтті.

Енді барлық мемлекеттік органдар өздерінің НҚА жобаларын порталда жарияламақшы, бұған қоса талқылау нәтижелері бойынша есептер де жарияланбақ.

Ашық бюджеттер

Портал азаматтардың мемлекеттік «бюджеттік жоспарлау» ұғымымының тұжырымдамасымен тереңірек танысып, белсенді азаматтық позици-яны бюджет қаражатының жұмсалынуы қоғамдық бақылауы арқылы дамыту үшін құрылған.

«Ақпаратқа қолжетімділік туралы» Заңына сәйкес Ашық бюджеттер порталында бюджеттік есептілік, шоғырландырылған қаржы есебі мен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелері туралы ақпарат орналаспақ. Сондай-ақ, бюджеттік бағдарлама жобаларының және өткен қаржылық жыл бойынша бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есептерінің қоғамдық талқылауы өтеді.

Қоғамдық талқылау, мемлекеттік бюджет қаражатын бөлу үрдісіне халықтың белсенді қатысуы арқылы, азаматтар мен үкімет арасындағы өзара қатынасты нығайтуға бағытталған.

Азаматтар, мемлекеттік органдар ескеріп, алдағы жұмыстарында есепке ала алатын ұсыныстарды, бюджеттік бағдарламалар жо-балары/бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есептері бойынша ой-пікірлерді енгізуге құқығы бар.

Ашық диалог

Ашық диалог - мемлекеттік органдар мен жұртшылық арасындағы тиімді кері байланыс орнатуға арналған платформа (алаң).

Бұл компонент бұған дейін қолданылып кел-ген Мемлекеттік органдар басшыларының блог-платформасы мен Жергілікті атқарушы орган-дарымен Интернет-конференциясын, және де жаңадан пайда болған «Сауалнама» жүйесі мен «Байланыс желісінің халықтық сапа бақылау» сервисін қамтиды. Электронды және мобильді үкімет арналарына арналған сауалнама жүйесі 2015 жылдың аяғында іске қосылған.

Сонымен қатар, қазіргі таңда жергілікті атқарушы органдары өкілдерімен 165 интернет-конференциялары өткізіліп үлгерсе, мемлекеттік органдар басшыларының блог-платформасына ондаған мың өтінімдер келіп түскен.

Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау

Бұл компонент азаматтар мен үкімет арасындағы өзара іс-қимыл мен қарым-қатынастарды нығайтуға бағытталған. Мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлардың нысана индикаторларына қол жеткізу жөніндегі баяндама-есептері жарияла-нып мемлекеттік органдардың қызметі қоғамдық талқылауда бағаланатын болмақ. Порталдың іске қосылуы 2017 жылдың басына қарай жүзеге асырылмақ.

ШҚО әкімі аппаратының
аппараттық технологиялар және
мемлекеттік қызметтер мониторингі бөлімі.



Жалпыға ортақ еңбек қоғамы

ГАЗЭЛЕКТРДӘНЕКЕРЛЕУШІ

Дөлембаев Жұмақан Күркебайұлын аудан жұртшылығының көпшілігі біледі. Ол - шебер газэлектрденекерлеуші, слесарь-сантехник және қарапайым еңбексүйгіш адам. Оның белсене қатысуымен

жұмыстардың барлығын тізе берсем, газет беті жетпейді,- деп әзілдейді Жұмақан Күркебайұлы. —Ауылдағы темірдің барлығы менің қолымнан өткен.

Расында да, осылай. Шебердің аяғы баспаған, қолы тимеген жер жоқ. Қайта құру жылдарынан соң, ұжымшарлар мен кеңшарлар таратылып, 1996 жылдан бастап 2007 жылға дейін ол жергілікті мектепте сантехник болды. Зейнет демалысына шыққаннан соң да, Ж. Дөлембаев қол қусырып отырмады.

2014 жылға дейін ол «Нарын» МКК-де жұмыс істеді. Кәсіпорын құрылыс немесе жөндеу жұмыстары бойынша қандай тендерді ұтса да, газэлектрденекерлеуші Ж. Дөлембаев осы жұмыстарды атқаруға белсене қатысты.

Бүгінгі күні өз тәлімгерлерін кәсіби дәнекерлеушілер — Қаныбек Қанапин, Александр Әлімханов, Алексей Усольцев және басқалар зор

ризашылықпен еске алады.

Адал еңбегі үшін Ж.К. Дөлембаев КСРО-ның кәсіподақтық үш марапатын — «Социалистік жарыстың жеңімпазы», көптеген құрмет грамоталарымен, алғыс хаттармен марапатталған, бағалы сыйлықтармен де ынталандырылған.

2011 жылдың 3 қарашасында аудан орталығында Тәуелсіздік саябағының салтанатты ашылуы болды, оған қатысқан сол уақыттағы облыс әкімі Б. Сапарбаев жиналғандар алдында сөз сөйлеп, еліміздің сәтті дамып, халқымыздың ахуалы жақсарып келе жатқандығын атап өткен. «Ауылдың гүлденуі — Қазақстанның гүлденуі» бағдарламасына зор көңіл бөлініп отыр. Ал ауылдың дамуы — еліміздің дамуына қосылған нақты үлес. Бұл істе ауылдық газэлектрденекерлеушінің де өзіндік үлесі бар.

«Нарын» МКК салған Тәуелсіздік саябағы - «Жол картасы» бағдарламасы аясында салынды. Оның кіреберісінде қойылған үлкен гранит таста бұл туралы жазылған. Саябақтың атауы да осыған байланысты қойылды.

Бұл күні Ж.К. Дөлембаев «Нарын» МКК-на он жыл толуына байланысты кәсіпорынның үздік 20 жұмысшысының қатарында облыс әкімінің қолынан естелік сыйлық — қолсағатын алды.

Өмір бойы еңбек етуге машықтанған Жұмақан Күркебайұлы 72 жасқа келсе де, жергілікті шаруа қожалығына дәнекерлеу және басқа да жұмыстарды атқаруға көмектеседі.

Жұмақан Күркебайұлы зайыбы Зауқиямен бірге өмірдің қызығын да, қиыншылығын да бөлісіп, елу жыл бір шаңырақ астында өмір сүріп келеді. Зауқия апа да «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған. Ол 20 жыл бойы балабақшада жұмыс істеді. Жұбайы екеуі отбасында үш қыз тәрбиелеп өсіріп, олардан тоғыз немере, алты шөбере сүйіп отыр.

Татьяна Самойлова.
Сурет автордікі.

ӘКЕСІНІҢ ӨСИЕТІ БОЙЫНША

Қарлығаш Жанбазарқызы Кәрібаева бүкіл еңбек жолын Яры мектебіндегі жұмысына арнады.

Ол Жұлдыз ауылындағы көпбалалы Қисиндар отбасында туып өсті. Әкесі Жанбазар Қисин «Қазақстанның 40 жылдығы» кеңшарының Жұлдыз бөлімшесінде озат малшы болды. Ол әрдайым еңбексүйгіштігімен, адалдығымен, өзіне тапсырылған істі зор жауапкершілікпен атқаруымен ерекшеленген.

«Әкем бізге үнемі жұмысқа ұқыпты қарап, өзімізге көрсетілген сенімді ақтау керек екенімізді еске салып отыратын, өйткені, мемлекет бізге тегін білім алуға мүмкіндік беріп отыр дейтін,- дейді Қарлығаш Жанбазарқызы.

Бүгінде Қарлығаш Жанбазарқызы әкесінің осы өсиетін бұлжытпай іске асыруда.

1980 жылы ол Өскемен қаласындағы педагогикалық институтты математика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша аяқтады. Сол уақыттан бері Яры негізгі орта мектебінде еңбек етуде.

Ол бастапқыда математика пәнінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі болды, ал 1995 жылдан бастап — мектеп директоры. Яры мектебінің оқу ісінің меңгерушісі Мария Ефимовна Сумболь оның алғашқы тәлімгері болған.

Қарлығаш Жанбазарқызы — жоғары санатты ұстаз. Мектепті білікті кадрлармен жабдықтау — бірінші кезектегі міндет деп санайды ол. Және ол мұны жүзеге асыруда. Мысалы, көптеген жылдар бойы орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагогика саласының ардагері Валентина Алексеевна Гудкова өз сабағын өте қызықты, тартымды етіп өткізеді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Кенжегүл Асқарова мен мектептің басқа да көптеген ұстаздары жайлы осындай пікір айтуға болады.

Қарлығаш Жанбазарқызының жоғары ұйымдастырушылық қабілеті мектептің педагогикалық ұжымының берік қалыптасуына зор ықпал етті. Ол өзіне де, өзгеге де талап қоя біледі.

Мектеп директоры оқушылардың ұлтына қарамастан, мемлекеттік тілді жақсы меңгеруіне зор көңіл бөлуде. Бұл да сәтті жүзеге асырылуда. Мысалы, Яры негізгі орта мектебінің түлегі Виктория Гудкова, Александр Бухряков, Юрий Федоров, Олеся Рыбина, Евгения Рыбина және басқа да Қ. Кәрібаеваның оқушылары қазақ тілінде еркін сөйлейді.

Қарлығаш Жанбазарқызы өзінің педагогикалық шеберлігін жетілдіре отырып, жас ұстаздарға әдістемелік көмек көрсетеді, мектептің әдістемелік бірлестігінің жұмысын үйлестіреді. Мектеп директоры ретінде мектептің барлық қызметкерлері мен балалардың бірқалыпты еңбек етіп, сабақ оқулары үшін толық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде.

«Мектеп басшысы үшін оқу-тәрбие және шаруашылық жұмыстарын үйлестіру — күрделі іс,- дейді ол.

Қ. Кәрібаева Өскемен қаласында заманауи технологиялар және оқыту үрдістерін жаңалау бойынша курстан өтіп, біліктілігін көтерді.

2007 жылы Қ. Кәрібаева Катонқарағай ауданының «Жыл мұғалімі» атағына ие болған. Білім беру және балаларды тәрбиелеудегі қол жеткізген ерекше жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Қарлығаш Жанбазарқызы мектеп ұжымы мен оқушылардың ата-аналары арасында да зор беделге ие болған адам.

Бұл туралы бүгінде Егінді ауылындағы ФАП фельдшері, Қ. Кәрібаеваның бұрынғы оқушысы Әлия Бекмұхамбетқызы Әбдікерева былай дейді:

«Мен Яры мектебінде оқыдым. Қарлығаш Жанбазарқызының ұқыптылығы, жауапкершілікті сезіне білуі, өз ісіне деген адалдығы әлі күнге есімде. Мектеп үшін ол күш-жігерін аямайды, өзіңіз көргендей, мектепте тазалық пен тәртіп орнаған.

Бұл мектепте менің балаларым да оқиды, сондықтан, меніңше олардың жақсы білім алуында директордың да ықпалы зор деп ойлаймын. Қызым Аяжан Серікбай мен ұлым Мирас Серікбай Қарлығаш Жанбазарқызындай ұстаз мамандығын таңдады. Аяжан өзінің туған мектебінде шағын орталықтың тәрбиешісі, ал ұлым Мирас — аудан орталығындағы Қ. Дамитов атындағы орта мектепте дене шынықтыру пәнінен сабақ береді.

Қарлығаш Жанбазарқызына қатысты мұндай пікірлерді Егінді ауылында көптеп естуге болады.

Александр Мартынов.
Суретте Қ.Ж. Кәрібаева.



Танымдық шара

2016 жылдың үлкен мерейтойы — Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25-жылдығы. Ата-бабаларымыз сан ғасыр армандаған Тәуелсіздіктің 25-жылдығы еліміздегі іргелі істермен айшықталып, сәт сайын жақындап келеді. 1 қараша күні аудан орталығындағы тарихи-өлкетану мұражайында осы мерекелік датаға арналып мектеп оқушылары үшін ашық есік күні өткізілді.

Аталмыш шараға аудан орталығындағы В.И.Ленин, Қ.Дамитов атындағы, Үлкен Нарын ауылдық лицейі және аграрлық-техникалық колледж оқушылары мұғалімдерімен қатысты.



ерқашан ашық екендігін жеткізді.

Танымдық шара соңында мұражай қызметкерлері мектеп оқушыларына Қазақстан Тәуелсіздігінің 25-жылдығына орай қазақ жазушыларының әдеби кітаптарын сыйға тартты.

Өз тілшіміз.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

СУБСИДИЯЛАУ ТУРАЛЫ

2016 жылдың 18 қазанында Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің № 327 қаулысы шыққанын және 2016 жылғы 1-7 қараша аралығында ауылшаруашылығы құрылымдарынан құжаттар қабылданып, егіс алқаптарын қарау жұмысы жүргізілетінін хабарлаймыз.



Субсидиялауға қажетті құжаттар тізімі туралы ақпаратты Катонқарағай ауданының ресми сайтына орналасқан ҚР АШМ 2015 жылғы 27 ақпандағы «Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жи-нау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлы-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидалары» туралы № 4-3/177 бұйрығынан алуға болады.

Катонқарағай ауданының ауылшаруашылығы бөлімі.

VII Азаматтық форум Астанаға өтемі



Орталық коммуникациялар қызметінде ағымдағы жылдың 25 қарашасында VII Азаматтық Форум өткізу бойынша дайындыққа арналған баспасөз конференциясы өтті.

- Шараның мақсаты - азаматтық қоғам институттарын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады,- деді баспасөз конференциясы барысында «Қазақстанның Азаматтық Альянсы» ЗТБ Президенті Ерімбетов Нұрлан. - Қазақстанда мемлекет пен ҰЕҰ-ның өзара іс-қимылы жалпұлттық диалог шеңберінде тең құқылы серіктестік принциптеріне құрылады, оның басты механизмдерінің бірі болып Азаматтық Форум саналады, - деп атап өтті ол.

Форумға ҚР Президенті Әкімшілігінің басшылығы, ҚР Парламент депутаттары, ҚР орталық және жергілікті атқарушы органдар өкілдері, өңірлік және республикалық ҰЕҰ, халықаралық ұйымдар өкілдері, дипломатиялық миссиялар басшылары, сарапшылық қоғамдастық және БАҚ өкілдері қатысады.

Аталған шараның алдында облыс орталықтарында, Астана және Алматы қалаларында ҰЕҰ-ның өңірлік Форумдары өтуде. Өңірлік Форумдарда өңір алдында тұрған мәселелерді шешу жолдары анықталатын болады, республика масштабындағы ұсыныстар пысықталады, Қазақстанның VII Азаматтық Форумына делегаттар сайланады.

Сонымен қатар, «Тәуелсіздіктің 25-жылдығына ҰЕҰ-ның 25 бастамасы!» республикалық акциясы өткізіледі. Әр өңірлік форумда бір бастамадан ұсынылатын болады, оның шеңберінде ҰЕҰ-лар бірлесе отырып, өңірдің нақты проблемасын шешуді өздеріне алатын болады. Өңірлердің 16 бастамасына қосымша, 9 республикалық ҰЕҰ әлеуметтік мәселелерді шешу бойынша 9 бастама ұсынады. Осылайша, «Тәуелсіздіктің 25-жылдығына ҰЕҰ-ның 25 бастамасы!» Республикалық Акциясы басталады.

Шара барысында Әлеуметтік идеялар мен жобалар жәрмеңкесі өткізілді. Конкурс әлеуметтік проблемаларды шешудегі инновациялық тәсілдерді анықтауға бағытталған. Жәрмеңке 15 қазан мен 15 қараша аралығында өтеді. Жобаның үздік идеясының авторы 1 млн. теңге көлеміндегі сыйлықпен марапатталады.

Сондай-ақ, «Таным» республикалық конкурсы басталған. Конкурс ҰЕҰ жетістіктерін көпшілікке мойындатуға бағытталған. Конкурс жеңімпаздар Онлайн-дауыс беру арқылы анықталады. 14 аталым бойынша марапаттау салтанаты Форум шеңберінде өтеді.

Форум бағдарламасына ҰЕҰ жетістіктерінің көрмесі, Қазақстанның VII Азаматтық Форумының пленарлық отырысы еніп отыр. Отырыс барысында «Қазақстанның ҰЕҰ-ның ар-намыс Кодексін» қабылдау және VII Азаматтық Форум ұсыныстарын пысықтау жоспарлануда.

Сонымен қатар, Н.Ерімбетовтың айтуынша, Қазақстанның Азаматтық Альянсы Қоғамдық кеңестерді дамыту мақсатын алға қойып отыр.

«Біз үш бағыт: арнайы құрылған сайт арқылы ақпараттық – www.kazkenes.kz-, Қоғамдық кеңестер мен ҰЕҰ өкілдерін оқыту, заңнама негізінде Қоғамдық кеңестер қызметіне мониторинг жүргізу бойынша қызмет көрсету арқылы Қоғамдық кеңестерге білім беру, ақпараттық, құқықтық қолдау көрсетуді жоспарлаймыз»,- деді Нұрлан Ерімбетов.

Қазақстанның Азаматтық Форумын өткізу және Қоғамдық Кеңестер жөніндегі жоба Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының және ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің мемлекеттік гранттары шеңберінде іске асырылады.

Аталған жобалар шеңберіндегі қызмет туралы толығырақ Қазақстанның Азаматтық Альянсы сайтынан www.gakaz.kz біле аласыздар.

Қазақстанның Азаматтық Альянсы баспасөз қызметі.

■ Мүлікті жария ету

СЕМЕЙ - МИЛЛИАРДЕРЛЕР ҚАЛАСЫ

Ол туралы мүлік пен капиталды жария ету бойынша мемлекет өткізіп жатқан кең ауқымды Акция барысында белгілі болды.

Осылайша, соңғы екі жылда республикамызда заңды экономикалық айналымнан шығарылған мүлік пен ақшаны жария ету бойынша белсенділікпен Акция өткізілуде.

Осы акция тәртібін, артықшылықтарын тұрғындарға жеткізу үшін, жария етуге шақыру мақсатымен мемлекеттік кірістер органдары көптеген іс-шаралар жүргізуде, атап айтқанда: жария ету бойынша материалдар мен ақпараттар баспа құралдарында жарияланды, әлеуметтік желілерде орналастырылды, семинарлар өткізілді, теледидардан сюжеттер, сұхбаттар, көрсетілімдер берілді.

Тұрғындарға мүлік пен ақшаны жария етуді жеткізудің осындай бір әдістері болып, ағымдағы жылдың 10 қазанында Өскемен қ. ҚАЕУ студенттерінің қатысуымен флешмобтың өткізілуі болды.

Осындай тәсілмен, ШҚО мемлекеттік кірістер департаменті және Өскемен қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы, акцияның аяқталуына 3 айдан аз уақыт қалғанына назар аударуда.

Өскеменнің жастары және мемлекеттік кірістер органдары тұрғындарды Заңның күштілігіне сенуге және белсенділік танытуға шақырады, неге десек, жария ету тек ҚР аумағындағы ақша қаражаттары мен мүлікпен қоса, одан тыс орналасқандарды да заңдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, 10%-дық алым тек шетелдегі мүлікті заңдастырғанда және шотқа ақшаны салмай көрсеткенде төленеді.

Сандар жағына келетін болсақ, 10 қазандағы мәлімет бойынша ШҚО мемлекеттік кірістер органдарына шетелдегі мүлік пен ақшаны

жария етуге 45 декларация табыс етілді.

Оның ішінде жалпы құны 8 млн. 874 мың теңгеге шет елдегі 3 жыл-жымайтын мүлік заңдастырылды (1 – Түркияда, 2 - Болгарияда), ШҚО аумағында орналасқан, басқа тұлғаға ресімделген сомасы 9 млн. 900 мың теңгені құрайтын 11 нысан жария етілді.

Банктегі шотқа аудару арқылы 31 жеке тұлға 4 млрд. 496 млн. 788 мың теңгені заңдастырды, оның ішінде Риддер қаласы бойынша - 215 млн. теңге, Өскемен қаласы - 882 млн. 209 мың теңге және Семей қаласы - 3 млрд. 399 млн. 579 мың теңге.

Көрсетілген жария ету субъектілері іс жүзінде акцияның қолжетімділігіне көздері жетті, өткізіліп жатқан кампанияға сенім білдіріп, «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлкі жария етуіне байланысты рақымшылық жасау мәселелері бойынша» Заңның нормаларына және күшіне иланды.

Енді, олар Заңмен қорғалған өз мүліктері мен капиталдары үшін қобалжымайды, қандай да бір мүлкінің пайда болу заңдылығы жөнінде сұрақ туындамайды және жария ету субъектілерінің пайдасына кепілдіктер беріледі.

Осыған байланысты, шетелдерде мүлік пен ақша болған жағдайда, жария етудің қарапайым, қолжетімді тәртіптерін пайдалануға шақырамыз, өйткені, айтылған деректер Заң ақиқаттығының көрсеткіші.

Әсем Тұрлыбекова, ШҚО бойынша МҚД бас маманы.

ЖАҚСЫЛЫҚ - ЖАН ЖАДЫРАТАДЫ

Ісіңізге, еңбегіңізге, оқуыңызға нағыз адамгершілікпен кіріссеңіз, сөз жоқ, жеңіске жетесіз...

Қ. Сәтбаев.

«Мен қандай адами қасиеттерді бойыма сіңірдім, мен үшін басты құндылық не болмақ, қандай жақсы, ізгі істер жасадым?» деген сұрақтар әрбір адамды толғантады хақ. Шынында да, адам өмірге жақсылық нұрын сөйіп, лайықты ғұмыр кешу үшін келеді ғой. Әрбір адамның алдында өмірлік мақсат – тілегі, аңсаған арманы болады. О.Бөкей ауылында да аңсаған арманының орындалуы жолында аянбай тер төгіп, белестерді игерген, ізгілік пен адалдықты, ізденіс пен еңбекқорлықты өміріне арқау еткен, шырғалаңға толы дүбірлі әлемді өздерінің жақсылық істерімен нұрландырған, адамзатқа қуаныш сыйлаған азаматтар баршылық.

Осындай игі істерімен көзге түскен азаматтарымыздың қатарында Әбдікерім мектебінің түлектері, ЗСК құрылыс сервисінің директоры Оралханов Медет Оралханұлы мен

* * *

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС - БАРШАНЫҢ МІНДЕТІ



ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңы ең пәрменді заңдардың бірі болып табылады. Бұл заң осы бірнеше жыл ішінде жоғары маңызға ие болып, мемлекеттік қызметшінің күнделікті пайдаланатын оқу құралына айналып отыр. Заңның ең басты құндылығы - ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын

қорғауға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіптен сақтауға, сондай-ақ, жемқорлыққа байланысты құқықбұзушылықтың алдын-алу, анықтау, тыю және ашу жолында мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз етуге бағытталған. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

Әбдікерім атындағы Шыңғыстай орта мектебі ұжымы осы мәселе аясында «Сыбайлас жемқорлықпен күрес» тақырыбында пікірталас ұйымдастырды. Пікірталасқа шыққан Ш.Байғалиева, Р.Бөктербаев, А. Мәмиевалар қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті

«Күншуақ» балабақшасының директоры Жаманбалинов Ернат Ерболатұлы да бар. Медет Оралханұлы Шыңғыстай ауылындағы Әбдікерім атындағы Шыңғыстай орта мектебіндегі технология кабинетіне оқушылардың қолөнермен шұғылданып, сәндік-қолданбалы өнерді тереңірек меңгерулеріне жағдай жасап, қырық бес мыңға құрал-жабдықтар сыйлады. Жаманбалинов Ернат Ерболатұлы болса, осы оқу жылы көлемінде «Қазақша күрес» үйірмесіне демеуші болып, салауаттылық бағыты бойынша қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етті. Жақсылығымен жанымызды жадыратқан Медет Оралханұлы мен Ернат Ерболатұлына мектеп ұжымының, атап айтқанда, технология пәнінің мұғалімі С.Н.Әкімбаевтың, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Т.Ш.Жұмақановтың, мектеп оқушылары мен ата-аналардың алғысы шексіз. «Елін сүйген ер атанады. Өйткені, ерлік - білектен емес, елін сүйе білген адал жүректе» деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, үлкен жүректі, еңбексүйгіштік, адамгершілік рухты бойына сіңірген азаматтарымыз көбейе берсе екен дейміз.

* * *

індетпен көп болып күресуіміз қажет екендігін атап көрсетті. Мектеп директорының міндетін атқарушы А.Е.Кәсенуәлиева тарихы тереңнен бастау алған сыбайлас жемқорлық бүгінде бүкіл әлемге қауіп төндіріп отырғандығын айта келе, біздің республикамызда да бұл мәселеге қарсы күрес шаралары тәуелсіздік алған сәттен бастап, мемлекеттің бірінші кезектегі міндетіне айналғандығын көпшілікке мысал арқылы түсіндіріп берді.

Жарыссөзге шыққан қамту қызметкерлері В.Ожарова, Б.Топтаева, Г. Мақажанова, А.Темірғалиевалар да сыбайлас жемқорлықтың өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі дей келе, өз пікірлерін ортаға салды.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың көреген саясатының арқасында Қазақстан бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылды. Қазақстанның болашағы жарқын болуы үшін сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс.

Пікірталасқа қатысқан мектеп ұжымы сыбайлас жемқорлықпен күресу барлығымыздың борышымыз екендігін бірауыздан атап өтті. Ендеше, қоғамға залалын тигізетін әлеуметтік дертке жол жоқ дегіміз келеді.

Материалдарды даярлаған: А.Сәрсембаева, Әбдікерім атындағы Шыңғыстай орта мектебінің педагог психологы.



БЖЗҚ-ның әрбір 4-ші салымшысы зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпаратты алу тәсілі ретінде хабарлаудың электрондық тәсілін таңдады.

2016 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы шамамен 6,5 трлн. теңгені құрады. 2016 жылдың басынан бері зейнетақы жинақтары 668 млрд. теңгеге немесе 11,5% артты.

2016 жылдың 9 айында түскен зейнетақы жарналарының сомасы 510 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте, 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап әскери қызметшілер мен әлеуетті құрылымдар қызметкерлерінің пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналары сомасының 50 пайызын қайтару жүзеге асырылуда. Осылайша, 2016 жылдың тоғыз айында мұндай қайтарулардың жалпы сомасы 145,7 млрд. теңгені құрады.

2016 жылдың тоғыз айында салымшылардың ЖЗШ-сына есептелген таза инвестициялық табыс сомасы 432,57 млрд. теңге.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 30 қыркүйек аралығында БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша табыстылық құнсыздандудың 5,6% деңгейінде 7,3% құрады.

«БЖЗҚ» АҚ сайтына (www.enpf.kz) жүйелі түрде инвестициялық қоржынның құрылымы туралы толық ақпарат орналастырылады және инвестициялық қызметке иолу жасалады.

2016 жылдың 9 айында БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерінің сомасы – 130,45 млрд. теңге, оның ішінде сақтандыру

ұйымдарына аударымдар – 14,61 млрд. теңге.

Барлық шарттардың түрі бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының саны 10,11 млн. бірлікті, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары есебінен 9,66 млн. бірлікті құрады. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың ЖЗШ саны 411 мың, ал ерікті зейнетақы жарналары бойынша 39 мыңды құрады.

Бүгінде салымшы (алушы) жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты БЖЗҚ-ның 232 дербес қызмет көрсету орталығының бірінен, пошта байланысы арқылы, электрондық пошта арқылы, www.enpf.kz сайтынан немесе ұялы қосымша арқылы ала алады. 2,5 миллионға жуық адам немесе әрбір 4-ші салымшы зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпарат алу тәсілі ретінде хабарлаудың электрондық тәсілін таңдаған. Осылайша 214 мыңға жуық адам үзінді көшірмені электрондық мекенжайға алады және 2,3 миллион адамның сайт арқылы немесе әртүрлі операциялық жүйелерде жұмыс істейтін смартфондар мен планшеттерге арналған «ENPF» ұялы қосымшасы арқылы ақпарат алу мүмкіндігі бар. Жыл басынан бері ұялы қосымшаға жүктеп алу саны 245 мыңнан астамға артқан және 2016 жылғы 1 қазанда жүктеп алу 357,9 мыңға жетті. Оның ішінде Android платформасындағы қосымшаны 289,6 мың рет жүктеп алған, iOS – 62,2 мың, Windows Phone – 6,1 мың.

2015 жылдың ақпан айында «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшының (алушысының) зейнетақы жинақтарының

жай-күйі туралы ақпарат (инвестициялық табыс ескерілген) беру» қызметін іске қосқан сәттен бастап 2016 жылғы 1 қазанға дейін электрондық үкімет порталы арқылы салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарынан 330 мың үзінді көшірме берілген. Салыстырып көріңіз, жыл басында портал арқылы 125 мың үзінді көшірме берілді.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартады, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алады жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

(Жалғасы. Басы газеттің өткен санында.)

2016 жылға арналған Катонқарағай ауданының бюджеті

		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	883,0
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	17778,0
		001	Жергілікті деңгейде білім, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17778,0
	454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	0,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	0,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	0,0
	493		Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	8984,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8314,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	450,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	220,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	14961,0
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14961,0
02			Қорғаныс	20333,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	20333,0
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	8052,0
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	12281,0
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	6320,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	6320,0
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	6320,0
04			Білім беру	2898199,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	237517,0
		004	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	98819,0
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	138698,0
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	2660682,0
		004	Жалпы білім беру	2417176,0
		009	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	26683,0
		005	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	75452,0
		028	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	57118,0
		020	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	17562,0
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	46031,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	20660,0
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	232149,0
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	232149,0
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	27850,0
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	18979,0

		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	26568,0
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	3908,0
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	1440,0
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	33901,0
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1161,0
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1361,0
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	64971,0
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	16256,0
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	436,0
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	2628,0
		025	Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	22837,0
		050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	9853,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	175417,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	96741,0
		003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	2500,0
		004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	10450,0
		012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	57993,0
		015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	4451,0
		018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	4475,0
		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	7676,0
		041	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	9196,0
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	36662,0
		003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	3765,0
		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	11300,0
		006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	21597,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	28837,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	4498,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	498,0
		010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	70,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	417,0
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	8381,0
		027	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	14973,0
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	5068,0
		026	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	5068,0
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	8109,0
		024	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	8109,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	232648,0
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	210496,0

		001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22149,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	420,0
		004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	7355,0
		005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	13529,0
		009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	134537,0
		007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	27550,0
		008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	567,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	4389,0
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	5600,0
		008	Спорт объектілерін дамыту	5600,0
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	11551,0
		014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1200,0
		015	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	10351,0
	454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	0,0
		015	Туристік қызметті реттеу	0,0
	493		Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	5001,0
		004	Туристік қызметті реттеу	5001,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	128845,0
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	82124,0
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20353,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	370,0
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды алууды және жоюды ұйымдастыру	1300,0
		009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	6607,0
		010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	1926,0
		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	51514,0
		047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	54,0
	462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	18320,0
		001	Жергілікте деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18170,0
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	150,0
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	15997,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15997,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	12404,0
		099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	12404,0
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	12848,0
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	12848,0
		001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайлау және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	12338,0

2016 жылға арналған Катонқарағай ауданының бюджеті

		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	510,0
12			Көлік және коммуникация	165365,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ өкімінің аппараты	31330,0
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	31330,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	134035,0
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	132402,0
		024	Кентішілік (қалаішілік), қала маңындағы ауданішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру	1633,0
13			Басқалар	42306,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ өкімінің аппараты	33806,0
		040	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	33806,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	8500,0

		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	8500,0
14			Борышқа қызмет көрсету	16,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	16,0
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	16,0
15			Трансферттер	78281,3
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	78281,3
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	571,3
		051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	77710,0
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	25824,0
			Бюджеттік кредиттер	38178,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	38178,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	38178,0

	018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	38178,0
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	12354,0
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	12354,0
		1 Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	12354,0
		IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0,0
		Қаржы активтерін сатып алу	0,0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
		V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-41688,3
		VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	41688,3
7		Қарыздар түсімдері	38178,0
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	38178,0
		2 Қарыз алу келісім-шарттары	38178,0
16		Қарыздарды өтеу	12354,0
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	12354,0
		005 Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	12354,0
8		Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	15864,3
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	15864,3
		1 Бюджет қаражатының бос қалдықтары	15864,3

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 қыркүйектегі № 5/44 -VI шешіміне 2 қосымша
Катонқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 35/274-V шешіміне 2 қосымша

2016 жылға арналған жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалардың тізбесі

Функционалдық топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
		Бағдарлама	
			Атауы
1	2	3	4
			II. Шығындар
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі
		001	Жергілікті деңгейде білім, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер
	454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары
	493		Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер
02			Қорғаныс
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету
04			Білім беру
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты
		004	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі
		004	Жалпы білім беру
		009	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу
		005	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру
		028	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру

	020	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер
	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы
	004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек
	006	Тұрғын үйге көмек көрсету
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар
	021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары
	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету
	025	Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі
	003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру
	004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету
	012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі
	015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру
	018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру
	026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру
	041	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру
	466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі
	003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау
	005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту
	006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету
	010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру
	014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру
	027	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру
	471	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі
	026	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу
	478	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі
	024	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік
	478	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі

(Соңы газеттің келесі санында)

СПОРТ

Тоғызқұмалақтан турнир өтті

Жақында Топқайың мектебі ұжымының ұйтқы болуымен аудан тумасы және Құрметті азаматы, жазушы, драматург, ҚР Мемлекеттік және Жамбыл атындағы әдеби сыйлықтардың иегері, қара сөздің хас шебері Қалиқан Ысқақты еске алуға арналған оқушылар арасында тоғызқұмалақтан аудандық жарыс өтті.



Аталмыш спорт сайысына Катонқарағай, Еңбек, Көктерек, Аққайнар, Белқарағай, Жаңауыл, Жамбыл, Қабырға және Топқайың ауылдарынан келген 50-ге жуық бала қатысты.

Жарыстың салтанатты ашылуында қатысушыларды аудандық білім беру, спорт және дене шынықтыру бөлімінің әдіскері Гүлнар Оралова, Топқайың ауылдық мектебінің директоры Қажымұрат Мақұлбеков, Қ.Ысқақтың інісі Сайлау-хан Қабатаев және сайысқа бас демеуші ретінде қатысқан Павлодар облыстық дарынды балаларға арналған спорт мектебінің директоры, Білім және Ғылым министрлігінің

дене тәрбиесі орталығының мүшесі Жанат Қайдаров сияқты азаматтар құттықтап, барлығына жақсы тілектер жолдады. Онан соң, турнирдің бас төрешісі Жанарбек Сіләмов жас спортшыларды жарыстың негізгі ережелерімен таныстырып өтті. Жарыс барысында сайыскерлер екі топқа бөлініп, әр топ ішінде өзара айналма жүйе бойынша бақтарын сынады.

Бүгінгі таңда қазақтың ұлттық ойыны - тоғызқұмалақты меңгеріп, соған ынтық болушы жастар саны жыл санап артып келе жатқаны бәрімізді қуантады. Көпшілік ауылдардан келген оқушылар ұлттық ойынды жақсы меңгергені соншалық, барлығы да жоғары деңгейде жақсы ойын өрнегін көрсете білді.

Тартысты өткен жарыс қорытындысында I орынды Еңбек орта мектебінің оқушылары иеленсе, (жаттықтырушысы - Ғ.Тарин), екінші орынды жарыс қожайындары - топқайыңдық жас өрендер (жаттықтырушысы-Д.Тұраров), үздік үштікті Катонқарағайдағы Ленин атындағы орта мектептің құрама командасы иеленді (жаттықтырушысы-Ә. Бердібеков, Е.Балтабаев).

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері турнирдің арнайы кубоктарымен, медальдарымен және мадақтама грамоталармен марапатталды. Сонымен қатар, ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Құрмет грамотасы Ерлан Балтабаев (Катонқарағай ауылы) және Жанарбек Сіләмов (Топқайың) сияқты мектеп ұстаздарына табыс етілсе, ал «ҚР Құрметті спорт ардагері» төс белгісімен Топқайың мектебінің директоры Қажымұрат Мақұлбеков марапатталды.

Тимур Смағұлов.
Сурет автордікі.

ВЕТЕРИНАРИЯ



САҚ БОЛЫҢЫЗ! СІБІР ЖАРАСЫ

Сібір жарасы – Сібір жарасы (қойда – топаляң, жылқыда- жамандат, ірі қарада қараталық, түйеде – ақшелек, қарабез) мал және жабайы жануарлардың бациллус антрацис микробы қоздыратын, жеті түрде өтетін аса қауіпті жұқпалы ауру.

Қоздырғышы – сыртқы ортаға төзімді келетін және ұзақ жылдар бойына тіршілік қабілетін сақтайтын спора түзетін аэробты микроб.

Ауру қоздырғышы – ауру мал, спорамен ластанған топырақ және де басқа да сыртқы орта объектілері.

Жұқтыру жолдары: малдар су, шөп, тыныс алу органы және де қан сорғыш жәндіктер арқылы жұқтырады. Адамдарға ауырған малдардың және олардың өнімдері (еті, терісі,жүні т.б) арқылы яғни малмен жанасқанда, күтім жасағанда, сойғанда, терісін алғанда, көмгенде жұғады. Жұқтыру жолдарына байланысты висцералды (өкпе, ішек) және тері зақымдану,ангиозді түрлері болады.

Клиникалық белгілер: аса жіті (сверхострое)-2-3 айға дейін және абортивті. Ем жасалмаған кезде мал өледі. Жітіден төмен (подострое)-7 күн немесе одан көп уақытқа созылмалы (хроническое)-2-3 айға дейін және абортивті. Ем жасалмаған кезде мал өледі.

Сібір жарасынан өлген малдың іші кеуіп, жылдам бұзылады. Аяқтары қатпайды немесе бұл белгілер аздап білінеді. Табиғи қуыстарынан қанды сұйықтық ағады. Сібір жарасына күдік болған жағдайда мал өлекселерін жаруға, союға болмайды!

Мал иелерін сақтандыру шаралары: ҚР Ветеринария туралы Заңының 25 бабына сәйкес мал иелерінің міндеттері:

- ветеринария мамандарының талабы бойынша малды тіркеу және сырғалау;

- малға ветеринариялық алдын алу іс-шараларын жүргізуге, клиникалық тексеру жасау үшін ветеринариялық маманға көрсету;

- малды сатып алу, сату етке өткізу, жайылымға шығару және де басқа да орын алмастыру міндетті түрде ветеринария қызметі арқылы және ветеринария қызметінің рұқсатымен іске асырылады;

- жаңадан әкелінген малдарға ветеринариялық тексерулер мен ветеринариялық іс шаралар жүргізу үшін 30 күн карантинде тұрады;

- малды тасымалдауда, ұстауда, баққанда зоогигиеналық және ветеринариялық талаптарды орындау;

- жеке бастың гигиенасын сақтау;

- малға қатысты барлық күдікті аурулар туралы (іш тастау, шала төл туса және т.б) және мал шығыны болған жағдайда ветеринариялық қызметіне уақытында хабарлау;

- лажсыздан сойылған мал етін және өнімін сатуға немесе тамаққа қолдануға ветеринариялық лабораториялық тексерусіз тыйым салынады;

- 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 7-1/370 Ережеге сәйкес ауылшаруашылық малдарды сою алаңында, сою пунктінде, ет өңдеу кәсіпорынында жүзеге асырылады. Малды сояр алдында міндетті түрде термометрия жасап, ветеринариялық тексеруден өткізу және сойғаннан кейін етіне, ішкі ағзаларына ветеринария-санитариялық экспертиза жасалады.

2014 жылдың 19 желтоқсандағы№ 16-04/679 Ережеге сәйкес ветеринариялық-санитарлық тексеру нәтижесі бойынша ветеринариялық құжат (ветеринарлық анықтама ветеринарлық сертификат) берілген, бірдейлендіруден өткізілген мал ғана сатуға жатады.

Тұрғындарға алдын-алу шаралары:

- мал өнімдерін тек қана бөгілген орыннан алу (базарлар, дүкендер, мини-маркеттер және т.б.);

- қолдан алған шикі сүтті қолдануға болмайды;

- етті кішкентай бөлшектерге бөліп 1 сағаттай қайнату керек. Жоғарыда көрсетілген ветеринарлық-санитарлық талаптарды орындамау - аса қауіпті аурулардың таралуына жол беріп, аймақтағы эпизоотиялық ахуалдың төмендеуіне әкеп соқтыруы мүмкін екенін мал иелері естен шығармау керек. Ветеринарлық-санитарлық заңдылықтың талаптарын бұзған жеке, заңды және лауазымды тұлғалар әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Ветеринарлық-санитарлық қадағалаудың рұқсатынсыз лажсыздан сойылған малдың етін қолданбау сібір жарасын жұқтырмаудың бірден-бір шарасы екенін тұрғындар білуі тиіс. Ветеринарлық-санитарлық сараптамадан өтпеген және ветеринарлық жолдама құжатсыз ет және сүт өнімдерін (әсіресе, басқа аумақтан әкелінген) тамаққа қолдану өте қауіпті.

А.Тоқтағанов,
ветеринария бөлімінің бас маманы.

ЖАҚСЫДАН ҚАЛҒАН ТҰЯҚ ЕҢ
(Ағайым Еркіннің рухына)

Жапырағын жайған бөйтерегім-ай,
Жығылдың ерте сен неге?
Өзегін жұрттың өртегенің-ай,
Жете алмай соңғы кермеге.

Тағдырға тәубе айтатын едің,
Таулардың шығып өріне,
Жаз туса елге қайтатын едің,
Жеттің-ау туған жеріңе...

Желпілдек шуға елпілдемейтін
Сарабал салтың бар еді,
Еңбекте сені Еркін демейтін,
Еркелетіп «Еркөш» деп еді.

Кейінгі жасқа сынақ ең.
Абайлап өттің арды қалдырмай,
Жақсыдан қалған тұяқ ең.

Маңдай теріңмен ғұмырдан өттің
Қызықпай қара бақырға.
Немере суюға сабырмен жеттің,
Арманда кетпей бақиға.

Жаратқан ием жар бола гөрсін,
Ұрпағың өркен жаюда.
Аманат жаның жаннатта болсын,
Дамылда, аға, дамылда...

Бақытжан Раисова.
Өскемен қаласы.



Құттықтаулар!

Катонқарағай ауылының тұрғыны, асыл жар, аяулы ана Валя (Бақты) Шериязданқызы Абрагимоваға!

Құрметті аяулы жарым, асыл қазынам!. Өзіңді бұдан да артық сөздермен бағалауға тілім де, сөзім де жетер емес. Сен мен үшін бұл дүниедегі ең асыл, ең қымбат, ең мейірімді жансың. Сенің отбасыңа деген адалдығыңа, төзімділігің мен ерлігіңе тар төсекке таңылып, өзіңе масыл болып қалғаннан бергі тоғыз жылда анық көз жеткізіп келемін.Отбасымыздың берекесін қашырмай үйде әйел болып, сыртқа шыққанда екі етегіңді түріп тастап, ер адамның атқаратын шаруаларын қыңқ етпей істеп жүргеніңді көргенде, қатты налиммын.Жүрек қыз-қыз қайнайды, күресуге дәрменім жоқ. Маған істеген жақсылығың Алладан қайтсын!

«Жақсы сөз-жарым ырыс». Көкейімде тұнған осы ойларымның барлығын тек сенің бүгінгі туған күніңде ғана емес сағат сайын, күн сайын қайталауға да бармын.

Туған күнің құтты, өмір жасың ұзақ, денің сау болсын!.



Ізгі ниетпен: жұбайы -
Оразхан.



Қабырға ауылының тұрғыны ардақты туысымыз Мамырханов Өмірбек Нұрқұшылың туған күнімен құттықтаймыз!

Өмірдегі бар жақсылықты тілей отырып, төмендегі жыр жолдарын арнаймыз:

Ізгіліктің нұрын шашар маңайға,
Адамсың ғой үлгі болар талайға.
Жақсылықты өзіңнен көп көрген,
Ұмытпайды туған-туыс қалай да.

Үлгі болған үлкенге де, жасқа да,
Сыйлар сені туған-туыс, басқа да.
Бақытты боп бұл өмірде мәңгілік,
Таусылмасын қуатың жүз жаста да!



Ізгі тілекпен: апайы -
Гүлжайна, жиені - Айша.

«Жұлдыз орта мектебі» КММ-не төмендегідей мамандар қажет:

- физика пәні мұғалімі – 5 сағат;
- тарих пәні мұғалімі – 9 сағат;
- география пәні мұғалімі – 4 сағат;

Қойылатын талаптар: мамандығы бойынша арналы орта немесе жоғары білімі болуы қажет. Байланыс телефоны: 2-70-67; 87776211501.

1996 жылы «Еңбекші» ӨК-не берілген құжаттар жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Тұрғындар назарына!

Құрметті жерлестер, Сіздерді Үлкен Нарындағы «Бұра» базарына қажетті заттарыңызды Алматы қаласының бағасымен сатып алуға шақырамыз!

Киім-кешектер екі апта бойы жеңілдіктермен сатылады.

Сауда бірінші қабатта, үлкен залда өткізіледі.

Катонқарағай аудандық ауданаралық ауруханасының ұжымы жалпы тәжірибелік дәрігер Бисатова Гаухар Қайсақызына жолдасы

Бауыржан Нәзірханұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Рыков атындағы орта мектептің ұжымы байырғы ұстаз Өтелбаева Күлзипа Құматқызының дүние салуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Өрел орта мектебінің ұжымы, осы мектептің бұрынғы кітапханашысы Қайсанова Күлзипаға - жолдасы, бастауыш сынып мұғалімі Сейтмұхамбетқызы Сәнияға - қайынатасы Қайсанов Ержанның қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Катонқарағай ауылдық округі жанындағы ардагерлер кеңесі, кеңес мүшесі

Сахаринов Қайролданың дүние салуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туысқандарына, балаларына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Меншік иесі «Шығыс Ақпарат» ЖШС-і. Директоры М.Ә.Белдекбаев	Компьютерлік беттеу операторы: Жайдары Нұрғазина Газет нөмірі бойынша кезекші: Нұрзада Исабаева	Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, 04. 05. 2015 жылы № 15348-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» компьютерлік цехында теріліп, беттелді. Мекенжайы: 070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Бажов көшесі, 12. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.
Катонқарағай ауданы бойынша «Шығыс Ақпарат» ЖШС-нің бөлімі «Арай» - «Луч» газеті Бас редактор Жомарт Жақыпов	Телефондар: Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60, Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79. Бухгалтер - 2-19-96. Компьютер цехы (факс) - 2-14-60. Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71. Мекен-жайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. e-mail: arai-luch@mail. ru	

Газет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады. Офсетті басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Индексі: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352. Нөмірдің таралымы - 2418 дана: «Арай»-1407, «Луч»-1013. № 7833